

Қазан ЖНББ мектебі 4 «Ә» сынып жетекшісінің 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысына жылдық талдау

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді.

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;
- ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Жоспар бойынша төмендегі шаралар өткізілді:

01.09.2023 жылы «Мейірім мекеніне айналған мектебім» атты алғашқы қоңырау, білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және Отаншылдық» сынып сағаттары өткізілді.

«Табиғатты қорғайық», «Республикам менің», «Дені саудың жаны сау», «Саналы ұрпақ жарқын болашақ», «Оқушы мәдениеті дегеніміз не?», «Ана-өмірдің гүлі», «Наурыз – жыл басы», «Зиянды әдеттен аулақ бол!» т.б өткізілді.

Нәтиже: Оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары мен іс – шаралар арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқауға болады.

Сынып жетекшісі:  Ажибаева Ж.С.